

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Д.Б. Досманбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 1 хаттама, «31» 08 2023 жыл)



Жастар және тәрбие жұмысы бөлімі туралы
ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2023 жыл

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже университеттің Жастар және тәрбие жұмысы бөлімінің жұмыс істеу тәртібін белгілейді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Жастар және тәрбие жұмысы бөлімі университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады, тәрбие және жастар саясатын дамытуға ықпал жасайды;

2.2 Бөлімге Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор тікелей басшылық жасайды;

2.3 Жастар және тәрбие жұмысы бөлімі - мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын университеттің құрылымдық бөлімі.

3. ҚҰРЫЛЫМЫ

Бөлімнің құрылымы мен штатын бөлімнің нақты кезеңге жұмыс көлемін бағалау негізінде университет ректоры белгілейді.

Осы Ережені бекіту сәтінде бөлім штаты 1 штаттық бірлікті құрайды:

Бөлім басшысы – 1,0

4. МІНДЕТТЕРІ

Бөлімнің негізгі міндеттері болып табылады:

- Тәрбие және жастар саясатын жоғары деңгейде дамуына ықпал жасау;
- Жастар саясатын жүзеге асырады, жастар мәселесін дер кезінде шешу мәселесінде университеттегі білім алушылардың қоғамдық ұйымдарының қызметін реттеу;
- Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыруға студенттік активтің жан-жақты дамуына қолдау көрсету;
- Талантты жас білім алушылардың шығармашылық потенциалын арттыру;
- Қызмет бабына сай топтарда және университеттің толықтай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және жетілдіруге қатысу;
- Топтарда шығармашылық, өзара көмек көрсету жағдайын қалыптастыру;
- Бағытына қарай байқау, конкурстарға қатысу;
- Жастар мәселесін нақты әрі дер кезінде шешуге қатысты сұрақтар бойынша жоғарыдағы өкілеттік, жастар ұйымдарымен қарым-қатынаста болу.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бөлім құқылы:

- Университет білім алушыларының қызығушылықтарына қатысы бар нормативтік актілерді дайындауға және жетілдіруге қатысуға;
- Білім алушылардың қызығушылықтарына қатысы бар әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге ұсыныстар жасауға;
- Студенттердің университеттің ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін, т.б. бұзғаны туралы мәселелерді қарастыруға қатысуға, сондай-ақ университетті басқару органдарына бұзуға кінәлі тұлғаларға қатысты тәртіптік әрекет ету туралы шараларды қолдануға байланысты ұсыныстар жасауға;
- Университеттен тыс іс-шараларын жоспарлау, дайындау және өткізуге тікелей қатысуға;
- Университет әкімшілігі, Ғылыми кеңес, қабылдау комиссиясында жастардың атынан мүдделері мен мәселелерін қорғау;
- Басқа ЖОО жастар ісі жөніндегі комитеттерімен байланысты іске асыру;
- Университет әкімшілігінен жастарды материалдық және моральдық қолдау және тәртіптік сипаттағы шараны қолдану үшін ұсыныс жасау;
- Университет әкімшілігіне студент жастармен жұмысты жақсартуға қатысты ұсыныстарды айту.


КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар
жөніндегі проректор



Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы



А.К. Мырзанова

ӘЗІРЛЕГЕНДЕР

Жастар және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы



Е.А. Жұматаев